

**«Абай атындағы № 31 жалпы орта мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

Бұйрық

№ 54

20 тамыз 2020 ж

**«2020-2021 оқу жылының
басталуын, ұзақтығын
және каникул кезеңдерін
айқындау туралы**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 6 бабы, 1-тармағы 3-тармақшасына, және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 тамыздағы «Орта білім беру ұйымдарында 2020-2021 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркелу тізілімінде №21081 болып тіркелген) және Түркістан облысының адами әлеуметті дамыту басқармасының 19.08.2020 жылғы № 155 бұйрықтарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2020-2021 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникул кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалсын:

1) 2020-2021 оқу жылының басталуы - 2020 жылғы 1 қыркүйек;

2) Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда - 33 оқу аптасы, 2-11 (12) сыныптарда - 34 оқу аптасы болып бекітілсін;

3) Мейрам күндеріне түскен сабақтар оқу бағдарламасы мазмұнының кіріктірілуі ескеріле отырып, қайталуға арналған сағаттар есебінен келесі жұмыс күндеріне ауыстырылсын.

2. Оқу жылы барысындағы каникул төмендегі кезеңдері:

1) 1-11 (12) - сыныптарда:

- күздік каникул - 10 күн (2020 жылғы 5 -14 қарашаны қоса алғанда);

- қысқы - 11 күн (2020 жылғы 31 желтоқсан - 2021 жылғы 10 қаңтарды қоса алғанда);

- көктемгі - 12 күн (2021 жылғы 20-31 наурызды қоса алғанда);

2) 1-сыныптарда: қосымша каникул - 7 күн (2021 жылғы 8-14 ақпан аралығында). ақпанды қоса алғанда қосымша каникул белгіленсін.

3. Мектепалды даярлық сыныптарында; күзгі каникул 10 күн (2020 жылғы 5-14 қараша аралығында), қысқы - 11 күн (2020 жылғы 31 желтоқсан - 2021 жылғы 10 қаңтар аралығында), көктемгі - 12 күн (2021 жылғы 20 наурыз - 31 наурызды қоса алғанда);

3) Мектепалды даярлық сыныптары мен 1-сыныптарда; 7 күн мерзімде (2021 жылғы 8-14 ақпанды қоса алғанда) қосымша каникул белгіленсін.

4. Жоғарыда аталған заңға сәйкес іс-шаралар жоспарын жасау және орындау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары Т. Қалдыбаева және Н. Мамираимова, А. Примбетоваларға міндеттелсін.

5. Білім күніне арналған салтанатты жиынды, білім беру сабақтарын жоспарлау, оны ұйымдастырып өз дәрежесінде өткізу директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары М. Сұлтанов пен С. Түкібаевқа жүктелсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өз құзырымда қалдырамын.